

# IV. Программа мен методика мәселелері

## БУЫН ЖІГІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ<sup>1</sup>?

### 1. Буын жүйесінің маңызы

Қазақ тілінің табиғатын дұрыс тану үшін буын жүйесін жете білу керек. Буынды жақсы білмесең, емлені де білмейсің: сөз тудыру, сөз түрлендіру сияқты морфология негізін де ұға алмайсың, буынды білмейінше, сөз екпіні (ударение), сөз сазы (интонация) секілді сөйлем жүйесіне қатысты тіл құбылыстарының да сырына қана алмайсың, буынды аңғармасаң, «ажарлап сөйлеу», «әсерлеп оқу» сияқты сабақтарды да дұрыс алып бара алмайсың; буын жайына қанық болмасаң, өлең құрылысының негізімен дұрыс таныс бола алмайсың...

Қысқасы, буын жүйесін жақсы білмей тұрып, ана тілі сабағын басқаруға болмайды. Буын жүйесі қай тілде де белгілі орын ұстамақ. Әсіресе қазақ тілінде оның маңызы өзгеше, артықша. Үйткені қазақ тілінің өркендеу сатысы – буыншыл кезеңнен дыбысшыл кезеңге ауысып болмаған дәуірде тұр. Қазақ тілінде дыбыс (фонема) деген категория бар болғанмен, әлі жетіліп болмаған, балаң, жас. Қазақ тілінің дыбыстары көп орында өз бетілік кейіпке кіре алмаған; буын ішіндегі дыбыстар болып бірлесіп қана, тұрғылықты түрге енеді. Бірімен-бірі байланысты, бірінің-бірі қасы-қабағына қарап тұрғандай, үйірленіп, ымыраласып отырады. Жұртқа мәлім «үндестік заңы» дейтініміз – дыбыстардың осы ымыраласуы болатын. Дыбыстардың ымыраласуы, үндесу дегеніміздің өзі – оқшау тұрған және дыбыстың жеке басы бөлініп шығуға әлі кемдігін көрсететін бір құбылыс.

Жеке дыбыс оңаша қалпында мұндай тұсаулы болғаны – тіліміз әлі күнге шейін буын кебенегін тастап болмағаннан келеді. Мұның ақылға қонбастай ешбір оғаштығы жоқ. Үйткені «дыбыс», «буын», «сөз» деген категориялардың өзі де «әлімсақтан бері бар» болып келе жатқан, бұлжымас ұғымдар емес. Бір кезде жоқ болып, бір кезде жарыққа шыққан. Бір кезде бірі болса, екіншісі болмаған. Жер үстіндегі тілдердің жалпы даму жолының түрлі сатылары бұларды кезегімен бірінің артынан бірін тудырып отырған.

Бүгіндегі түрлі тілдер дегеніміз жалпы тіл жүйесінің өркендеу жолындағы түрлі сатылар болғандықтан, «сөз», «буын», «дыбыстардың» әрқайсысының орны әр тілде әр түрлі болады.

Қытай тілінде сөз ерекше орын алады. Үйткені онда жалғау, жұрнақтар мардымсыз. Сөз тудыру, түрлендіру, сөйлем құрау секілділердің бәрі де бүтін сөздердің ілгері-кейінді келіп құрмаласуынан пайда болады. Сөздердің өзі де өңшең бір буынды ғана болғандықтан, «буын» мен «сөз» арасында түк айырма болмай, буын деген категория тумаған. Сөздер қайда жүрсе де түгелімен жүретіндіктен, жарықшақталып, сынып, үгіліп, дыбыс-дыбысқа бөлінбегендіктен, жеке дыбыстың атқаратын қызметі өте шағын болған. Сондықтан қытай тілінде тілдің ең кішкентай бөлшегі «сөз» болып табылып, жазуы сөз жүйесіне құрылған.

---

<sup>1</sup> Мақала алғаш рет «Ауыл мұғалімі» журналының 1934 жылғы 2-санында жарияланған. – Редакция алқасы.

Қытай жазуында әріптер біздегідей дыбыс-дыбысты белгілеп отырмай, түгел сөздерді таңбалайды. Онда неше сөз болса, сонша әріп болады.

Жалғамалы жапон тілінде, ескі шумер тілінде «буын» ала-бөле орын ұстағандықтан бұлардың әліппесі де буын жүйелі болып, әріптері бүтін сөзді емес, буындарды ғана таңбалайтын болған.

Семит (араб, еврей), европа тілдерінде жеке дыбыстар тіл элементі болып үлгеріп, дыбыстардың өзгеруінен сөздің негізгі мағынасы ғана емес, қосымша мағынасы да – формасы да өзгертін болғандықтан, бұларда дыбыстың ұстайтын орны күшейген. Бұларда әліппе де дыбыс жүйелі болып келген.

«Сөз», «буын», «дыбыс» деген категориялар «ай мен күндей әммеге бірдей» болып көрінгенмен, осылай, әр тілде әр орын ұстап отыр.

Біздің жазуымыз да ана Европа жазуы сияқты дыбыс жүйелі жазу. Бірақ тіліміз әлі дыбысшыл кезеңге түгел жетіп болмаған, буыншылдық қасиеттерін түгелімен жойып бітірмеген тіл. Сондықтан буын жүйесінің маңызы біздің тілімізде артықша күшті. Буын жігін, буын сырын анық, жете білмей тұрып, шын сауатты болып кете алмайтынымыз осыдан.

Осы жағдайды еске алып, қазақ тілінің программасында да, оқу құралында да буын жүйесіне жақсы орын бергенбіз. Ана тілі сабағының емле, грамматика тарауларында оқытушы мұны ұмытпай, буын жүйесін балаларға толық түсіндіріп өтуі керек. Әйтпесе ана тіл сабағынан нәтиже шықпақшы емес.

Қазақ тілінің буын құрылысын аңғару қиын емес. Бірақ, соның өзінде, сол оңай құралған буын жүйесін оқытушыларымыз тегіс біледі дей алмаймыз. Үйткені қазақ буындары әлі күнге шейін дұрыс тексерілуден аман. Бұл туралы жасалған зерттеулер, шыққан кітаптар, мақалалар әлі жоқ. Сондықтан оқытушыларымыздың әрқайсысы өз бетімен бал ашуы, қайбірі қай кезде қателесуі ғажап емес.

Оқушылардың емле қателерін талдап қарағанда, қатенің көбісі осы буын жүйесін дұрыс ұға алмағаннан келгені байқалады. Емле жайындағы айтыс мақалалардан қайсыбір дындай азаматтарамыздың да буынды жете түсініп болмағанын көріп жүрміз.

Сол себепті бұл арада қазақ тіліндегі буындарды біраз сөз қылуды дұрыс таптық.

## 2. Біздегі буын түрлері

Қазақ тілінің буындарын буын ішіндегі дыбыстардың санына қарай да жіктеуге болады; буын ішінде түрлі дыбыстардың түрлі тәртіппен тізілуіне қарай да жіктеуге болады; буынның аяқ дыбысының түріне қарай да жіктеуге болады.

а) Буынды құраған дыбыстар санына қарай жіктегенде 4 түрлі буын болады: **бір дыбысты буын, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты буын.**

Қазақ тілінде бір буында төрттен артық дыбыс болмайды.

Бұлайша жіктеудің кемістігі сол: мұнан буынның түр-түрін біліп болмайды. «Со» деген де екі дыбысты, «ос» деген де екі дыбысты буын. Дыбыстың саны бірдей болғанмен, бұл екі буынның тілде ұстайтын орындары әр түрлі.

«Қат» деген де үш дыбысты, «арт» деген де үш дыбысты буын.

Бірақ бұлардың бір-бірінен айырмасы мол.

**б) Буынның аяқ дыбысының түріне қарай жіктегенде екі түрлі буын болады: ашық буын, тұйық буын.**

Буынның аяғы дауысты дыбыспен тынса **ашық буын** дейміз, аяғы дауыссыз дыбыспен тынса **тұйық буын** дейміз.

Бұлайша таптастыру – алдыңғыға қарағанда дұрысырақ. Үйткені буынның ашық не тұйық екендігін білуімізбен буынның тілдік қасиеттерінің бірқатарын ұғып қаламыз. Сөйтсе де бұ да жеткіліксіз. Үйткені бұл таптастыруда «*аш*», «*шааш*», «*арт*», «*шарт*» деген 4 түрлі буынды бір қораға қамап, тұйық буын деген бір атпен атаймыз. Шындығында бұлардың бір-бірінен айырмасы бар. Бір ғана емес, күшті.

Сонымен, бұл екі түрлі жіктеудің екеуін де қойып, үшінші жолға тоқтауға тура келеді.

**в) буын ішіндегі дыбыстардың тізілу тәртібіне қарай таптастырғанда 6 түрлі буын болады.**

- 1) **Ды** буын (жалаң).
- 2) **Дз-Ды** буын (ашық).
- 3) **Ды-Дз** буын (жеңіл тұйық).
- 4) **Дз-Ды-Дз** буын (жеңіл бітеу).
- 5) **Ды-сДз-қДз** буын (ауыр тұйық).
- 6) **Дз-Ды-сДз-қДз** буын (ауыр бітеу).

Буынды ішіндегі дыбыстардың тізілу тәртібіне қарай таптастыру деген сөз – алдымен, дауысты, дауыссыз дыбыстың ілгерінді-кейінді келуін ашу деген болады. Екінші, бір буында екі дауыссыз дыбыс қатар ұшырайтын болғандықтан және ұшырағанда көрінген дауыссыз дыбыстар емес, дауыссыздардың белгілі түрлері ғана белгілі тәртіппен тізілетін болғандықтан, мұнда сол дауыссыздардың түрін, тізілу ретін көрсету керек болады. Дыбыстардың толық аттарын жазып жату көп орын, көп уақыт алатын болғандықтан, буын түрлерінің формулаларында дыбыс аттарын қысқартқан өрнекпен бердік:

**Ды** – Дауысты дыбыс. «Д(ауыст)ы» сөздің бас дыбысы (**Д**) мен аяқ дыбысы (**ы**).

**Дз** – Дауыссыз. «Д(ауыссы)з» сөзінің бас, аяқ дыбыстары.

**сДз** – созымды дауыссыз.

**қДз** – қатаң дауыссыз.

Сонда қазақ тіліндегі барлық буын түрлері мынадай болып шығады:

1. **Ды** буыны, немесе **жалаң** буын. Бұл буын жалғыз-ақ дыбыстан жасалады, ол дыбыс та дауысты дыбыс болады.

*А, неғыл дейсің? О, осының дұрыс!*

*Е, солай демеп пе едім?*

*Ә-кел, ұ-зын, ү-нем, ө-ріс, ы-рыс, і-шік* деген сөздердегі **а, о, е, ә, ұ, ү, ө, ы, і** буындары сияқты.

Бұл буындарды **Д(ауыст)ы** дейміз, үйткені не бары жалғыз дауысты дыбыстан жасалған. Жалаң буын дейміз, үйткені жалаң бір дыбыстан жасалған.

Жоғарыдағы мысалдарда көрсетілген сияқты, бұл буын не сөздің басында тұрады, не бір сөз болып жүреді. Сөз ортасында, не аяғында еш уақытта да келмейді.

2. **Дз-Ды** – (дауыссыз-дауысты), немесе **ашық** буын.

Бұл – екі дыбысты болады, алдыңғысы дауыссыз (Дз), соңғысы дауысты (Ды). Аяғы дауыстыға біткендіктен ашық деп те атаймыз.

*Мә!, де!, же!, йә! со, бұ* деген сөздер осындай ашық буындар. *Қа-ла, те-ре-зе, су-ла-ма* дегендегі буындар бәрі де осы түрге жатады.

Бұл буын сөздердің басында да, ортасында да, аяғында да ұшырай беретіндіктен және еш уақытта түрін бұзбай, осы қалпында қала беретін болғандықтан, қазақ тілінде ең көп кездесетін түрі болып шығады.

3. **Ды-Дз** (дауысты-дауыссыз) – жеңіл тұйық буын.

Екі дыбысты буын. Алдыңғысы дауысты (Ды), соңғысы дауыссыз (Дз). Алды ашық болып тұрып, аяғы дауыссызға тіркелгендіктен, мұны тұйық буын дейміз (жеңіл дейтін себебімізді төменде 5-ші түрден қара).

Мысалы: *ас, ер, ән, ат, өс, ұн, үр, ық; іс* сөздеріндегі осындай жеңіл тұйық буындар. *Ат-қар, ер-ке, ән-ші, от-қа, өс-ті, ұн-тақ, үр-кіт, ық-тын, іс-кер* сөздерінің бас буындары осы жабық буындар.

Бұл буын, осы мысалдардағыдай, не жеке өзі бір сөз болып ұшырайды да, немесе сөздің бас буындарында ғана кездеседі. Оның үстіне, сөз алқасында бұл буын өз қалпын сақтай алмай, өзгеріп кете береді. Сондықтан, әсіресе, ауызекі сөйлеген сөзде бұл буын сирек кездеседі.

4. **Дз-Ды-Дз** (дауыссыз-дауысты-дауыссыз) – жеңіл бітеу буын.

Бұл – үш дыбысты буын: алдыңғысы дауыссыз (Дз) ортаңғысы дауысты (Ды), соңғысы дауыссыз (Дз); қысқартқанда **Дз-Ды-Дз** болады. Дауысты дыбыс ортада қалып, екі басы бірдей бітеу, дауыссыз болғандықтан бітеу буын дейміз (жеңіл деу себебін төменнен қара).

*Қар, жел, сот, жөн, тұр, сыз, сіз, нән* – бәрінде бітеу буындар. *Жаң-быр, сын-дыр, құн-дыз, күл-гір, сол-ғын, көз-гіл* сөздеріндегі буындар да бітеу буындар.

Бұл буын жеке өзі бір сөз болып та, сөздің бөлшегі болып та келе береді. Сөз ішінде баста да, ортада да, аяқта да келеді. Бірақ сөздің соңғы буыны болып, оған жалғас келетін сөз дауысты дыбыстан басталса, екі ортасында тыныс болмаса, ол бұл буынның соңғы дыбысы айрылып, келесі буынға қосылып кетеді де, өзі ашық болып қалады. Бұл мінез мұның алдындағы 3-сандағы буын түрінде де (**Ды-Дз**) бар.

Міне осы айтылған төрт түр:

1) **Ды**, 2) **Дз-Ды**, 3) **Ды-Дз**, 4) **Дз-Ды-Дз** – қазақ тілі буындарының негізгі түрлері болып саналады. Ең көп ұшырайтыны да осылар. Бұл төрт түрлі буынды бір қосып, жеңіл буындар деп атаймыз, үйткені бұлар құрылыстары жағынан ең ретті, айтылыстары жағынан ең жеңіл құрылған буындар.

Сөздің айтылыс жағынан жеңіл болуы ішіндегі дауыссыз, дауысты дыбыстардың белгілі тәртіппен тізілуіне байланысты. Өңшең дауыссыз дыбыстар қатар тізіліп кетсе, сөздің айтылуы қиындайды, естілуі кемиді. Сөзді естімді қылатын дауысты дыбыстар. Сондықтан, сөз ішінде дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың төңірегінде үймелеп, әр дауысты дыбыс өзінің айналасындағы дауыссыздарымен бірігіп, бір үйір болып, өзге үйірлерден бөлініп тұрады. Осындай әрбір үйірді бір буын дейміз. Әр буында, біздің тілімізде, бір дауысты дыбыстан бір, екі, ең көп болғанда үш дауыссыз дыбыстан болады. Қазақ тілінде бір буында бірден артық дауысты, үштен артық дауыссыз дыбыс болмайды. Буын ішінде дауыссыз дыбыс біреу болса, дауыстының не алдына, не артында тұрады

(қара: **Ды-Дз** және **Дз-Ды** түрлерін), дауыссыз екеу болса, жеңіл буындарда дауыстының екі жағында тұрады (**Дз-Ды-Дз** түрін қара).

Бір буында екі дауыссыз қатар келсе, айтылуы ауырлайды, естілуі кемиді. Қатар келмей, аралығына дауысты кірістірсе, айтылуы да, естілуі де жеңілдейді. Жоғарғы көрсетілген төрт түрлі буынның төртеуін де жеңіл буындар дейтін себебіміз осы; мұның ешқайсысында да екі дауыссыз қатар келмеген.

Төмендегі екі түрлі буынды ауыр буындар дейміз, үйткені оларда екі дауыссыз қатар келіп, айту мен естілуді ауырлатады. Олар мыналар:

**5. Ды-сДз-қДз – ауыр тұйық буын.**

**6. Дз-Ды-сДз-қДз – ауыр бітеу буын.**

Мұның алдыңғысы үш дыбысты: дауысты, дауыссыз, дауыссыз; соңғысы төрт дыбысты: дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауыссыз.

Ауыр буындарға мына төмендегілер үлгі бола алады:

5 – түрде: *айт, елт, өрт, әуп!, аңқ.*

6 – түрде: *қайт, қант, селт, тарт, қыңқ, қаңқ.*

Осы мысалдардан бұл екі түрлі буынның табиғатын аңғаруға болады. Бұлардың бірінші өзгешелігі – дауысты дыбыстан кейін сол буынның өз ішінде екі дауыссыз қатар келеді (**Ды-Дз-қДз**). Екінші – көрінген дауыссыз қатар келмейді, белгілі түрлері ғана келеді. Дауысты дыбыстан кейін, соңғы дауыссыздың алдында **й, л, н, ң, р, у, м** дыбыстары ғана тұра алады. Бұл дауыссыздарды ғылым тілінде сонор дауыссыздар, қазақша айтқанда – созымды дауыссыздар дейді. Сондықтан оларды **сДз** (созымды дауыссыз) деп белгіледік.

Дауыссыз дыбыстың бәрі бірдей мұндай созымды болмайды және буынның соңында да бірыңғай сонорлар қатар тұра алмайды, әдетте сонор дыбыстардан кейін тек қатаң дыбыстар ғана келе алады. Сондықтан соңғы дыбысы **қДз** (қатаң дауыссыз) болады.

Сонымен қазақ тілі буындарының 5 – түрі дыбыстардың тізілу тәртібі жағынан **Ды-сДз-қДз** (дауысты-созымды дауыссыз-қатаң дауыссыз) болады. *Айт* деген буында **а** дауысты (**Ды**), **-й** – созымды дауыссыз (**сДз**) **-т** – қатаң дауыссыз (**қДз**). Екі дауыссыз қатар келгендіктен мұны ауыр буын дейміз. Екінші түрден айыру үшін ауыр тұйық буын дейміз.

6 – түрлі буынның бұдан айырмасы тек сол: мұнда буын дауыстыдан басталса, онда ол дауыстының алдынан тағы бір дауыссыз қосылып, не бәрі 4 дыбыс болады.

Мысалы: *қарт, селт, жент, қайт, дүңк, күмп* сөздері. *Қайт* буынының бас дыбысы дауыссыз (**Дз**), екінші дыбысы дауысты (**Ды**), үшіншісі – созымды дауыссыз (**сДз**), төртіншісі – қатаң дауыссыз (**қДз**), сондықтан бұл түрдің формуласы **Дз-Ды-сДз-қДз** болады. Екі дауыссыз қатар келгендіктен, мұны да **ауыр буын** дейміз. Алды-арты бірдей дауыссыз болғандықтан **бітеу** дейміз. Сонымен бұл буын – **ауыр бітеу** буын болады.

Бұл арада бір ескеріп кететін нәрсе сол: бұл ауыр буындардың соңғы екі дауыссызының алдыңғысы созымды, соңғысы қатаң болады деп едік. Негізінде мұнымыз дұрыс. Бірақ соңғы дыбыстың көп ұшырайтыны **т** да, сондықтан ілгергі дыбыстың ішінде ең жеңіл кездесетіні – **р, л, н, й** дыбыстары. Бұлардан басқа созымды, қатаң дыбыстардың қай-қайсысы да белгілі жағдай табылғанда ғана кездеседі. Ол жағдай: бірінші – одағай сөздер болу, мәселен, *қаңқ, дүңк, әуп, күмп...*

сияқты, екіншісі – созымды мен қатаң ұялас дыбыстар болуы керек, мәселен, *әул, күмп* деген буындарда *у* мен *м* екеуі де еріншіл болса, қатаң *п* о да еріншіл дыбыс; *қаңқ* буынының созымды дауыссыз дыбысы (**н**) көмейшіл болса, оған жалғас келетін қатаң (**н**) о да көмейшіл. Бір буында **ң** тек **қ** мен **к**-нің алдында ғана келе алады. Ұяластықтың керегі сонша, қай кезде ұяласы табылса, аяққы дыбыс қатаң болмай да ауыр буын келіп шығатыны бар. *Шәум-шәум!* деген одағай да осылай. Бірақ бұл жалғыз осы сөзде ғана. Ауыр буындардың өзгешеліктері мыналар: бірінші – ауыр тұйық буын жалаң өзі бір сөз болып тұрғанда ғана (*ант, айт, елт сияқты*), немесе сөздің бас буыны болғанда ғана ұшырайды да, сөз ортасында, не аяғында еш уақытта да кездеспейді.

Екінші – ауыр бітеу буын жалаң өзі де (*қарт, сүйт*), сөз басында да (*тарт-тыр, қант-ты*), ортасында да (*ал-дырт-шы, қын-жылт-шы*), аяғында да (*күң-гірт, сал-дырт*) келе береді. Бірақ соңынан келетін буын дауысты дыбыстан болса, онда сөздің басы мен орта буыны ауыр буын бола алмайды. Өзінен соңғы буын не бітеу (**Дз-Ды-Дз, Дз-Ды-сДз-қДз**), не ашық (**Дз-Ды**) буын болғанда ғана ауыр буын болып тұра алады.

Бұлай болу себебі – қазақ тілінің буындары, сірә де, не жалаң, не ашық болуды сүйеді. Сондықтан тұйық, бітеу буындардың соңғы дауыссыздары, бұған жалғаса дауысты дыбыспен басталған буын келе қойса, жылысып жалғас буынға ауысып кетеді. Сонымен, өзі бітеу буын болған болса, енді ашық буын болып, тұйық буын болған болса, жалаң буын болып, ауыр буын болса, жеңіл буын болып қалады да, ана жалғас буын тұйықтан бітеуге, жалаңнан ашыққа айналады. Сөйтіп, қазақ буындары сөз өзгерген сайын өзгеріп, жылжып отырады: *Бір* деген бітеу буын. Бұған *-ақ* деген жалғау қосса, *бір-ақ* болып, (**Дз-Ды-Дз**)+(**Ды-Дз**) күйінде қалмайды, буын қалпы өзгеріп, *бір-ақ* болып, (**Дз-Ды**)+(**Дз-Ды-Дз**) қалпына көшеді. Осы сияқты әрбір түбір сөздің соңғы буыны тұйық я бітеу болса, оған жалғанатын жалғау дауысты болып басталса, буын қалпын өзгертіп жібереді. Үйткені бітеу, тұйық буындармен жалғаса жалаң, ашық буындар қазақ тілінде тұра алмайды. Мұны **жылысу заңы** дейміз.

Қазақ тілінде жалаң, ашық буындардан соң жалаң, тұйық буындар да келе алмайды. Сондықтан мұндай ұшырастарда қатар келген екі дауыстының бірі (көбінесе алдыңғысы) жойылып кетеді. Алдыңғы буынның соңғы дауыстысы жойылып кеткенсін, ана айтылған жылысу заңы бойынша, дауыстының алдында тұрған дауыссыз мына буынға көшеді. Сөйтіп, бір буынның саны солайымен кеміп қалады. *Ба-ра-ал-май-ды* дегенде 5 буын бар еді; енді онда 4-ақ буын қалады. Үйткені 2-мен 3-буындар ашық пен тұйық болып (**Дз-Ды**)+(**Ды-Дз**) кездескен. Бірінің аяғында, бірінің басында дауысты дыбыстар болып, олар қатар келіп қалған. Сондықтан екі дауыстының бірі (**ра** – буынының **а**-сы) жоғалып кетеді де, қалған дауыссызы (**р**) келесі буынның бас дыбысы болып кетеді. Сонымен *ба-ра-ал-май-ды* (5 буын) орнына *ба-рал-май-ды* (4 буын) буындары келіп шығады. Мұны **буындардың кірігуі** деп атаймыз.

Қазақ буындарында сөз түрлену кезінде тап болатын өзгерістер негізінде осы екеуі: бірі – жылысу заңы, екіншісі – кірігу заңы. Жылысса, буынның қалпы өзгереді де, саны өзгермейді. Кіріксе, қалпы да, саны да өзгеріп кетеді. Жылысудың формуласы: (**Ды+Дз**)+(**Ды**)=(**Ды**)+(**Дз+Ды**); кірігудікі: (**Ды**)+(**Ды**)=(**Ды**).

Қазақ тілі буынының осы жылысу, кірігу қасиеттерінен ақындар көп пайдаланады. Үйткені ауызекі сөйлеген сөзде буындардың жылысу мен кірігуі бір сөздің ішінде қалып қоймай, қатар келген екі сөздің арасында да болып отырады. Осындайды пайдаланып, 11 буынды өлең жазған ақын кей жолдарында буын санын арттырып, кейде кемітіп жіберсе де, кірігу заңын жамылып, өлең өлшеуін дұрыс көрсетіп отырады.

*«Та-рих бе-тін жыл-дан жыл-ға жа-ңа-лап, Бұ-дан-да ә-рі, тәт-ті ө-мір-ді ел кү-тет»*

(Бейімбет – «Қанап». Толық жинақ, I, 345-б). Бұл өлеңнің алдыңғы жолында буын саны дұрыс – 11. Бірақ соңғы жолының екі буыны артық – 13. Сөйтсе де мұнда өлшеу заңы бұзылмаған. Үйткені соңғы жолда 3 жерде кірігу мүмкіншілігі бар; 4–3–7–8, 9–10–11-нші буындар кіріге алады.

«Бұдан да әрі» (5 б) орнына «бұдан дәрі» (4 б), «тәтті өмір» (4 б) орнына «тәт-ө-мір» (3 б), «өмірді ел» (4 б) орнына «өмір-дел» (3 б) бола алады. Сонда 3 буынның саны кеміп, 13 буын орнына 10-ақ буын қалады. Бұл арада ақынға екі-ақ буынды кеміту керек болған. Кеміткен. Соның өзінде бір мүмкіншілік ауысып та қалған.

Біз тілімізде бір сөздің екінші сөзге жасаған ықпалын елемейміз. Сондықтан екі сөз аралығындағы буын алмасулары да қағаз бетіне түспейді. Бірақ әрбір жеке сөз жалғаумен жалғанып, немесе бірнеше түбірден құралып, түрленіп болмағандықтан, оның буындары өз ара шығысқан: жылысары жылысып, кірігері кірігіп болған. Сондықтан, бір сөз ішінде буын тізілісі заңына қайшы келерлік тіркестер ұшырамайды.

### 3. Буын жігі қайткенде оңай табылады?

Жоғарыда айтқандардан мынадай қорытынды шығады:

1. Дауысты дыбыссыз буын болмайды.
2. Бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды.
3. Дауысты дыбыс жалғыз өзі де буын бола алады.
4. Бір буында үштен артық дауыссыз дыбыс болмайды.
5. Екі дауыссыз бір буында қатар келетін болса, дауыстының соңынан ғана келеді. Еш уақытта алдында екі дауыссыз қатар келмейді.
6. Сөз ішінде дауыстыдан басталатын буын болмайды. Әр уақытта ортадағы, аяқтағы буын дауыссыздан басталады.

Осы қорытындыға сүйене отырып, буын жігін оңай, механик түрде табуға болады. Оның үшін жазылған әрбір сөздің дыбыстарын аяқ жағынан бастап шоламыз. Дауысты дыбыстан соң келген дауыссызды елемей өте шығып (үйткені дауыстының соңында дауыссыз болмай да қалады, біреу де, екеу де бола береді), әрбір дауыстының алдыңғы жағына бір дауыссыз тастап бөле береміз (үйткені сөз ортасында дауыстыдан буын басталмаушы еді ғой). Сонда неше бөлік шықса, сонша буын болады.

Мысал үшін «оқытушы» деген сөзді буындап көрелік. Аяғынан бастасақ аяққы дыбысы **ы** – дауысты мұның алдында бір дауыссыз тастап бөлсек, «оқыту//шы» болады. Оған жалғас тұрған дауысты **у**-дың алдына бір дауыссыз тастап бөлсек, «оқы//ту//шы» болады. Бұған жалғас тұрған дауысты **ы**-ның алдына

бір дауыссыз тастап бөлсек, «*о//қы//ту//шы*» болады. Сонда «*оқытушы*» сөзі төрт буынды болып, буын жігі «*о-қы-ту-шы*» тәрізінде ашылып шығады.

«*Сауаттандырылсын*» деген ұзын сөзді алсақ та бәрі бір, соңғы жағынан бастап дауыстысын табамыз, ол – **ы**; бұған алдыңғы жағынан жалғас тұрған бір дауыссызды (**с**) қосшы етіп беріп, бөлеміз: «*сауаттандырыл//сын*» болады; **л**-ды аттап өтіп, оның алдыңғы дауысты **ы**-ға жалғас дауыссызы **р**-ды беріп бөлеміз: «*сауаттанды//рыл//сын*» болады. Үшінші **ы**-ға оның алдындағы дауыссыз **д**-ны беріп, бір кетеміз: «*сауаттан//ды//рыл//сын*» болады. **н**-ды аттап өтіп, дауысты **а**-ға алдындағы бір **т**-ны тастап тағы бір кесеміз: «*сауат//тан//ды//рыл//сын*» болады. Ендігі **т**-ны басып өтіп **а**-ға оның алдындағы дауыссыз **у**-ды беріп бөліп тастаймыз: «*са//уат //тан//ды//рыл//сын*» болады. Сөйтіп «*са-уат-тан-ды-рыл-сын*» түрінде буын жіктері келіп шығады. Міне, буын жігін осылай оңай ашуға болады. Бұлай ашу үшін буын жүйесімен таныс болмай-ақ, механик түрде осылай бөліп-бөліп тастау да мүмкін. Бірақ, сырына қанбайынша, олай бөле білгеннен буын жігін тапқан болмайды. Соның үшін олай механик түрде балаға бөлдіру жарамайды. Есеп сабағында 15-16 есебін бірінің астына бірін жаздырып, бірден  $(16+15)/31$  түрінде шығарту қиын емес. Бірақ бірліктер мен ондықтардың қасиеттерін аңғартпай, неліктен қалған бір ондықты бұлай қарай тасымалдау керектігін түсіндірмей, бас салып «*осылай жаз!*» – деп баса шөгу кемді күн нәтиже берген сияқты болғанымен өрісі ұзамайтын білімсіз дағды ғана бермек. Мұнда да осылай, неліктен осылай бөліп тастауға болатынын бала ұғынса ғана, көрсетуге болады. Оны ұғыну IV жылдарда ғана мүмкін.

Мұндағының қай-қайсысын да біз бала үшін емес, мұғалім үшін жазып отырмыз. Мұғалім өзі жақсы ұғынса, балаға ұғындырудың есебін таба жатар деп сенеміз. Мұнан көргенін түгелімен балаға көрсетсе, бала бір нәрсе де ұқпайды. Буынды жіктеу, оның формулаларын беру – бастауыш мектепке ауыр келетін жұмыс. Буынды жүйелі түрде топтастырып айыру V жылда ғана мүмкін. Соның үшін әзірге мұғалімнің міндеті – программадағы мөлшерден озбай, буын жайын қате ұқтырмай, дұрыс түсіндіре, барды бақылата отырып, бірте-бірте жүйелі түрде әкеліп салу болу керек.

Қазақ тілінің буын жүйесі қиын нәрсе емес. Сонда да оны сырына ауыл мұғалімдері түгел қанып жүрген жоқ. Келесі номерлерде емле методикасы жайынан мақала беріліп отыратын болғандықтан, буын жүйесін жақсы аңғармай тұрып, емле методикасын миға қондыруға болмайтындықтан, жұрттың көбіне таныс мәселе болса да, буынға біраз кідіріп өтуге тура келді.



## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПРОГРАМЫ<sup>1</sup> (Проект)

V к л а с с

(Қала мектебінде 126 сағат, ауыл мектебінде 144 сағат)

### Грамматика, емле, тыныс белгілері

**Сөздің ішкі құрылысы.** Сөз бөлшектері. Сөз бөлшектерінің құралуы. Сөз бұйымы мен сөз материалы. Сөз материалының сыр-сипаты мен сөз бұйымының жасалу жолы. Сөз. Сөйлеу. Сөз бен ой (4 сағат).

**Сөйлем мен оның мүшелері.** Сөйлем туралы жалпы ұғым. Сөйлемнің сазы. Хабар, сұрау, леп сазды сөйлемдер.

Сөйлем аяғында [қойылатын] нүкте, сұрау, леп белгілері; көп нүкте. Сөйлем мүшелері: а) баяндауыш, б) бастауыш, в) айқындауыш сөздер. Бұлардың сөйлемдегі мәні. Баяндауыштың сөйлем ішіндегі орны, оның сөйлем аяғында келетін жерлері. Бастауышты тауып алу жолдары. Айқындауыш мүшелердің өздерінің айқындауыштары болуы. Жай сөйлем мен жайылма сөйлем. Толық сөйлем мен олқы сөйлем (6 сағат).

**Сөз қиыны.** Сөздің тура күйі мен бұрма күйі. Жалғау мен жалғауыш. Жалғаулы сөз бен жалғауышты сөз. Жетек сөз бен жетекші сөздің екі түрлі қиылысу жолы. Айқындауыш мүшелердің өздерін айқындайтын мүшелерге қалай, қай түрде жетектелуі. Анықтауыш пен толықтауыш. Олардың белгілері. Сөйлем мүшелерінің орын-орны (6 сағат).

**Сөз тұлғалары.** Сөз тұлғаларының өзгермелілігі. Сөздің түп бөлегі мен қосымша бөлшегі. Түп бөлшектің маңызы. Қосымша бөлшектің екі түрі. Үстеу мен жалғау. Үстеудің маңызы. Негіз. Түп негіз бен туынды негіз. Түбір сөз бен үстеулі сөз. Жалғаудың маңызы. Жалғаулы сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздің емлесі (6 сағат).

**Қосалқы сөз.** Қосалқының түбір мен қосымшадан айырмасы. Қосалқының маңызы. Қосалқының қызметіне қарай екі түрлі болатыны: а) үстеуіш; б) жалғауыш. Тұратын орнына қарай екі түрлі қосалқы болатыны: дәйек қосалқы мен аяқ қосалқы. Өлі қосымша. Өлі түбір. Жаңа қосалқы. Қосымшалардың тарихы. Қосалқы сөздің емлесі. Қосалқыша жазылатын қосалқылар мен қосымшаша жазылатын қосалқылар (6 сағат).

**Түбірлердің құралуы.** Жалаң түбір мен қосар түбір; қосар сөздер. Мұның 5 арысы: 1) теңдес қосар; 2) мәндес қосар; 3) қайшы мәнді қосар; 4) көрші мәнді қосар; 5) сөздес қосар. Қосар сөздердің атқаратын қызметтері мен құрылысы. Қосар сөздердің емлесі (2 сағат).

---

<sup>1</sup> Бұл программа алғаш рет 1936 жылы жеке кітапша болып басылған. – Редакция алқасы.

**Кіріккен сөздер.** Кіріккен сөздердің көнесі мен жаңасы. Кіріккен сөздердің емлесі (2 сағат).

## Түбірлердің тарихы

**Қиюлы сөздер.** Буын қиюлы, әріп қиюлы, аралас қиюлы сөздер. Қиюлы сөздердің емлесі (4 сағат).

**Сөз мүшелерінің құрылысы.** Бір мүшелі сөзбен көп мүшелі сөз. Түп мүше мен шылау мүше. Шылау мүшелерінің түр-түрі. Сөз мүшелерінің орын-орны (4 сағат).

**Сөздің дыбыс құрылысы.** Дыбыс туралы жалпы ұғым. Дыбыс пен мағына. Дыбыстың саны мен сапасы. Дыбыстың екі түрлі қызметі (айырғыштық, құрағыштық).

**Қазақ тілінің дыбыстары.** Жуан, жіңішке дыбыстардың әріптері. Дыбысталу түріне қарай дыбыстардың: а) дауысты; б) дауыссыз; в) сонор дыбыс болып үшке айырылуы.

**Дауыстылар.** Сөздің әні. Дауысты дыбыстардың сөзге ән бере алатындығы. Дауыстылардың түр-түрі.

**Дауыссыздар, бұлардың түр-түрі:** 1) жуысыңқы, жабысыңқы; 2) үздікті, үздіксіз; 3) сыбыр, сыбыс; 4) үнсіз, үнді; 5) көмей, ерін, тіс дыбыстары.

**Сонорлар:** 1. Тура жолды сонорлар, 2. айналма жолды сонорлар. 3. Айналма жолды сонорлардың мұрын жолы, ауыз жолдары.

**Дыбыстаушы аппараттарымыз:** 1) өкпе, ауыз, мұрын; 2) кедергі мүшелер; 3) ауыз жолы мен мұрын жолы. Дыбыстың үнді болу себебі. Дауыс шымылдығының сөз салдыры. **h** дыбысы. Дыбыстаушы аппаратымыздың қалай жасалып шыққандығы (8 сағат).

**Е с к е р т у:** Бұл соңғы үш абзацтағы «Дауыссыздар, сонорлар, дыбыстаушы аппаратымыз» деген темалар орталау мектепте тек жалпы ұғым беру мақсатымен қойылып отыр. Толық оқылмау керек, техникум қатарлы мектептерде ғана оқылады.

**Сөздің буын құрылысы.** Дауыссыздар мен сонор дыбыстардың бір дауысты дыбыс қоспай өздігінен айтылмайтындығы.

**Буын туралы ұғым.** Бір буында қандай, қанша дыбыс болатындығы. Буын жасауда да дауысты дыбыстардың ұстайтын орны. Дауыссыздар мен сонор дыбыстардың қатысы. Бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты буындар. Буынның түр-түрі: 1) жалаң буын; 2) ашық буын; 3) жеңіл буын; 4) жеңіл тұйық буын; 5) ауыр тұйық буын; 6) ауыр бітеу буын. Буынның жылысуы мен кірігуі. Буынның жуаны мен жіңішкесі (8 сағат).

**Е с к е р т у:** Орталау мектепте «Дауыссыздар мен сонор дыбыстардың қатысы» оқылмайды.

Сөз мүшелерінің қиындасуы. Буынның күші, сөз екпіні. Сингармонизм (үндестік заңы). Үндесу түрлері: 1) түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай, 2) түбірдің соңғы дыбысының үнді-үнсіз болуына қарай, 3) түбірдің соңғы

дыбысы дауысты болғанда, 4) л-дан басқа ауыз жолды сонор болып, қосымшаның бас дыбысы л мен м-ның бірі болғанда, 5) л болғанда да, аяқ дыбысы да мұрын жолды сонор болғанда, 6) қ, к, п дыбыстарының бірі болып, қосымшаның бас дыбысы дауысты болғанда, 7) сыбыр дауыссыздар мен сыбыс дауыссыздарының үндісі болып, қосымшаның бас дыбысы үнсіз болғанда, 8) түбірдің соңғы дыбысы сыбыр болып, қосымшаның бас дыбысы сыбыс болғанда 9) түбірдің соңғы дыбысы мұрын жолды езушіл сонор болып, қосымшаның бас дыбысы еріншіл дауыссыз болғанда, 10) түбірдің соңғы дыбысы н болып, қосымшаның бас дыбысы қ, к, ғ, г дыбыстарының бірі болғанда пайда болатын өзгерістер. Бұлардың емлесі (8 сағат).

**Е с к е р т у:** үндесу түрлерінің 3-ншіден былайғылары орталау мектепте емле жаттығулары керек шамада ғана түсіндіріледі. Техникумдарда толық оқылуы тиіс.

### **Сөз таптары (6 сағат).**

Сөз таптары жайын түсіндіру. Түбір тап, шылау тап, одағай тап. Бұлардың әрқайсысының өзгешеліктері.

**Түбір таптың үш түрі:** есім, етістік, есімдік немесе бұлардың орынбасарлары. Бұл үшеуінің әрқайсысының мағына, морфология, синтаксис жағынан өзгешеліктері.

Шылау таптардың екі түрі: қосалқы мен қосымша. Қосымшаның үстеуі мен жалғауы. Қосалқының үстеуіші мен жалғауышы. Жалғауыштың жетек түрі мен дәнекер түрі.

Одағай таптың түрі; малға, итке, құсқа айтылатындары (*қош! сек! кәһ! ау-қау!* т.т.): көңіл-күйін білдіретіндері (*қан!, ай-қай!, ойбай, е-е!*) жапсырма одағайлар (*ме! ал! пәлі!* т.т.). Одағайдың алдыңғы екеуінен айырмасы. Одағай орнына жай сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің жұмсалуды. Одағайдың түбір тап орнына жұмсалуды.

## **Есімдер**

**Есімнің тараулары:** зат есім, сан есім, сын есім, мезгіл есім. Бұлардың әрқайсысының өзгешеліктері (2 сағат). Зат есім (20 сағат). Мұның мағынасындағы, қосымша қабылдаудағы, сөйлем мүшесі болудағы, сөйлем ішінде орналасудағы өзгешеліктері.

Зат есімді бұрма күйге түсіретін жалғаулар. Жалғаулы күйге түсу мәнісі. Жіктелу, септелу, тәуелдену.

**Тәуелдеудің үш жағы.** Ортақ тәуелдеу мен оңаша тәуелдеулі есімнің өзге жалғаулы сөздерден өзгешелігі: 1) айқаса байланысатындығы; 2) септеуге көнетіндігі. Тәуелдеулі сөздің жалғаусыз тұра алатын жерлері (жетекшісі *біз, мен, сіз* сөздері болғанда).

Жіктеудің жақтары, жалғаулары. Бірінші жақ пен екінші жақтың анайы түрі мен сыпайы түрі. Сыпайы түрдің жалғаулары. Жіктеулі есімнің сөйлем ішіндегі орны.

**Септеу.** Септеудің жалғаулы, жалғауышты, аралас түрлері. Септеулі зат есім – жетек зат есім. Септеусіз атау есім. Зат есімнің жалғаулы септеуі. Ілік септеу,

табыс септеу, барыс септеу, шығыс септеу, жатыс септеу, теңдес септеу, меңзес септеу, көмектес септеу. Бұлардың жалғаулары.

Ілік септеу мен табыс септеудің ашық түрі мен жасырын түрі. Жасырын түрдегі ілік пен табыс септеуді ашып алу жолы. Ашық түр мен жасырын түрдің мағынадағы айырмасы. Ілік септеулі зат есімді жетектей алатын сөз таптары. Олардың жалғаулары. Табыс септеулі зат есімді жетектей алатын сөз табы. Ілік септеудің иелік мағынасы. Табыс септеудің объекті мағынасы. Тәуелдеулі сөздің табыс септеуі.

Барыс септеу мен шығыс септеудің мағыналары. Бұлардың жалғаусыз, жасырын түрде кездесетін орындары. Тәуелдеулі сөздің барыс, шығыс жалғаулары.

Меңзес септеу мен теңдес септеудің мағынадағы, жетекші сөздердің түріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Меңзес септеу жалғауының (**-ша, -ше**) кіріккен түрлері (*неше, сонша, қанша, қазақша, меніңше* т.т.). Кіріккен меңзес жалғаулы сөздердің онан әрі септелетіні (*қазақшада*), тәуелденетіні (*қазақшаң*), үстелетіні (*адамшылық – адам-ша-лық*), тұйығы (*басқаша, өзгеше*). Тәуелдеудің III жағына меңзес жалғау қосылғандағы түрі (*жылқысы-(н)-ша, қалыбынша*). Теңдес септеулі сөзден кейін көптік жалғау келгенде (*таудайлары*) үстеу тілейтіні. Теңдес жалғаудың тәуелдеудің үшінші жағынан кейін қосылғандағысы.

Көмектес септеудің көмекшісі адам болатын [*Телжанмен келдім*], аспап болатын [*түйемен келдім; қамшымен ұрдым*], материал болатын [*балшықпен сылады*], орын болатын [*жолмен жүрдім, Мәскеумен келдім*] мағыналары. Септеу мен-ді қосалқы (дәнекер) мен-нен айыру жолы. Көмектес жалғаудың бөлек жазылатындығы<sup>2</sup>.

Жатыс септеудің орын мағынасы мен уақыт мағынасы. Жатыс септеудің жалғауы III жақтың тәуелді түрінде жалғанғанында болатын өзгеріс (*қаласы(н)да*). Жатыс септеулі сөзге **-ғы (-қы), -гі (-кі)** үстеуі жалғанып, онан әрі тағы үстеліп жалғанып кете алатындығы, жатыс жалғауды (**да, де, та, те**) қосалқы дәнекер **да, де, та, те**-лерден айыру жолы.

Зат есімді септеулі күйге түсіре алатын сөз таптары, олардың қайсысы қай септеуді керек қылатыны жайында қысқаша мағлұмат.

Зат есімге жалғанатын үстеулердің басты-бастылары. Олардың әрқайсысының беретін мағыналары. **-лық, -лы, -шы, -шыл** үстеулерін дұрыс жұмсай білу. Зат есімді басқа сөз таптарына шығарып жіберетін үстеулер. Басқа сөз таптарын зат есімге айналдыратын үстеулер.

Зат есімнің жеке түрі мен көптік түрі. Көптік үстеуі. Көптік үстеуінің қолданылатын орындары мен қолданылмайтын орындары. Тәуелдеулі сөздердің көптік түрі. Көптік жалғауы есім негізін жиектеп тұратындығы (мұнан кейін жалғау ғана келіп, үстеу келмейтіндігі).

Зат есімнің белгілі түрі мен белгісіз түрі. Белгісіз түрде «бір» сөзі қосылатыны; ілік, табыс жалғаулары жасайтын күйге түсетіні.

**Сан есім** (10 сағат) – мағынасы, өзіне дербес қосымшалары, тура күйде тұрып, жетек сөз болғанда қабыс мүше ғана бола алатындығы.

---

<sup>2</sup> Қазір көмектес жалғау септелетін сөзбен бірге жазылады. – Редакция алқасы.

Сан есімнің реттік түрі мен есептік түрі. Реттік үстеуші. Реттік үстеулі сан есімнен кейін кіші тыныс белгісі қойылатын орындар. Жетеуге дейінгі сандардың атынан кейін **-ау, -еу** үстеуі жалғанатын орындар.

Реттік сандарды тең үлес түрі: *екі-екіден; он-оннан, екеу-екеуден* т.т.

Реттік сандардың болжал түрлері:

а) ұмтылмалы тетелес жалаң қосар түрлі (*бір-екі; екі-үш 9-ға* дейін); *бес-он; он-он бес; 15-20...* (90-ға дейін бестіктер); *қырық-отыз* сықылды шегінбелі де болады;

б) ұмтылмалы тетелес бола тұрып, үстеулі қосар болатындар (*4-тер, 5-тер; 10-дар; 50-60-май, 40-50-дей* т.т.);

в) жалаң үстеулер: (*бір жүздей, екі жүздей, 5 миллиондай*);

г) 10, 20, 30, 40, 50 сандарына **«шақты»** жалғауышы қосылатыны;

д) 100 бен 1000-ға **«қаралы»** жалғауышы қосылатыны;

е) ондықтардан бастап, **«шамалы»** сөзі қосылатыны;

ж) сан есімге барыс жалғау жалғап барып соңынан **«тарта»** сөзін қосқанда шығатын мағына.

Реттік сандардан кейін келетін **«есе», «қайтара», «рет», «бас»** сөздерінің беретін мағыналы, жұмсайтын орны.

Бөлшек сандардың айтылуы. **-лық** үстеуінің сан есімге қосатын мағынасы.

Күрделі сан есімдердің жазылуы.

Сан есімнің тәуелденуі мен септелуі.

**Сын есім** (10 сағат). Мағынасы, дербес қосымшалары, сөйлемде ұсталу жөні.

Сын есімнің септеліп, тәуелденіп, жіктелгенде алатын мағынасы.

Сын есімнің шырайлары. Жай шырай, кесімді араластырмалы шырай (бірі тура күйде, бірі шығыс жалғаулы күйде болады), салыстырмалы шағын шырай (**-рақ, -рек, -леу** үстеулер қосылатындар), жалаң шағын шырай (*қызғылт, қаралтым, көтеріңкі, созылыңқы*), таңдаулы шырай, дәйек қосылыңқы (*өте қысқа*), қосақты (*қып-қысқа*), үстеулі (*ұзын-ақ*); орта шырай (*бір қос, бірсытыра, бірқатар, бір жөн, бір дәуір, едәуір*) сөздері қосылады.

**Е с к е р т у:** **-ақ** қосымшасы зат есімге жалғанса, жақсылық мағынасын ғана береді де, сын есімге жалғанса сынын күшейтеді.

**Таңдаулы шырай жасайтын дәйек үстеулердің тізімі.** Бұлардың орнына жүретін жай сөздер.

Сын есімді басқа сөз таптарына, басқа сөз таптарын сын есімге айналдыратын үстеулер. Сын есім мен зат есімге ортақ үстеулер (**-шыл, -дас:** *ұйқышыл, ауылдас*) сияқтылар.

**Мезгіл есім** (10 сағат). Мағынасы, өзіне дербес қосымшасы, сөйлемдегі басқа мүшелерге қатынасы, орны.

Жалаң түрлері мен (*бүгін, кеше, мана, әлі, ерте*) қосынды түрлері (*қысты күні, бүрсігүні, жазғытұры, жазғасалым*). Септелетіндері мен (*бүгін, былтыр*) септелмейтіндері (*енді, мана*); **-ғы** үстеуін жалғап алып сын есім болатындығы. Кіріккен үстеулері (*күніге, күнде, түнде, кешке, ертеңгісін*). Матаулы қосар болғанда жыл, күн (*жылма-жыл, күнбе-күн*) сөздерінің мезгіл есім болғанда алатын үстеулері (*жылы, күні, түні*); *жыл, ай, күн, жеті, сағат, декада* сөздерінің тәуелдеулі барыс септеулісінің мағынасы. Сағат сөзінің мезгілді көрсеткенде сан

есімнің алдына шығып кететіні. Теңдес жалғаулы *қыс, жаз, күз* сөздерінің жалаң тұрғандығы және *ала* үстеуішін қосалқы қылып тұрғандағы, мезгіл есімдердің тізімі.

## VI класс

### Етістік

(48 сағат)

Етістіктің мағынасы, өзіне арнаулы қосымшалары, сөйлемдегі қызметі мен өзге мүшелерге қатынасы, орны.

Етістік түбірінің екі түрі: таза түрі (*жаз, оқы*), келімсек түрі (*ойн-а, сарға-ай, адам-сы...*). Басқа сөз таптарынан етістік тудыратын қосымшалардың бастылары, мағыналары.

**Етістік негізі.** Түп негіз (*ойна, жаз*) бен өсінді негіз (*ойна-т, жаз-дыр*).

Етістіктің болымды, болымсыз түрлері. Болымсыздық түрлеуіші **-ма** етістік негізін аяқтап тұратыны (өсінді негіздің үстеулері **ма**-дан былай өтпейтіні).

Етістіктің түп негізі мен болымсыздық түрлеуішінің арасына сыйыса алатын үстеулер – етіс үстеулері. Бұлардың әрқайсысының беретін мағыналарына қарай жеті түрлі етіс пайда болатындығы (6 сағат).

Түп негіздің етістері (8 сағат). Салт етіс (*жүр, ұйықта*) – табыс септеулі сөзді жетектемейтіндері; сабақты етіс (*жаз, ұр*) – табыс септеулі сөзді жетектейтіндер.

Туынды негіздің етістері.

**Өздік етіс.** Мұның мағынасы, екі түрлі үстеуі **-н** (*жуын, қара-н*), **-ық** (*жабық, тын-ық, қан-ық*), **-н** үстеуі соңғы мұрын жолды сонорға біткен түбірге **-е** болып жалғанатыны.

**-к/к** үстеуі есімдердің бірқатарына да жалғанып өздік етіс жасайтыны (*жел – жел-ік, мол – мол-ық*). Өздік етіс жасайтын етістіктер (*оқы, бұр, ат* т.т.).

**Ырықсыз етіс.** Мағынасы, үстеуі (*жуыл, қуыл*); соңы **л** дыбысы болып тұрған түбірлерге **-н** болып жалғанатыны (*біл-ін, ал - ал-ын*).

**Өзгелік етіс.** Мағынасы, үстеулері (**-дыр/-тыр, -қыз/ғыз /гіз/кіз**), **-т, -ар (-ер, -р)**. Қандай түбірден кейін қандай үстеу келетіні. Өзгелік етіс үстеулерінің қайбіреулері сабақты етіс мағынасын беретіні. Қай етіс екенін табыс жалғаулы етістік сөз болып келетін екінші үстеуішінің атын қойып ашуға болатыны (*бат – бат-ыр – сабақты; бат-ыр-ғыз – өзгелік; қайт – салт; қайт-ар – сабақты; қай-тар-ғыз – өзгелік*).

**Ортақ етіс.** Мағынасы, үстеуі (**-с, -ыс/-іс** жетегінің септеуі) көмектес с.: *айт – сабақты; айт-ыс – ортақ етіс (кіммен)*.

Өсіңкі етіс. Мағынасы, үстеуі (**-іңкіре, -ыңқыра**).

**Ескерту: I.** Өсіңкі етіс мағынасы жағынан етіс емес, сонда да құрылысы жағынан (етіс үстеулері сияқты мұның үстеуі түбір мен **ма**-ның аралығына тығылатын болғандықтан) етіске ұқсас болғандықтан жетінші етіске мұны да санадық.

**Е с к е р т у: II.** Етіс дегеніміз (мағына жағынан) істеуші мен істелушінің арасында қандай қатынас барын көрсететін категория, мысалы: *жүр* – салт, мұның істелушісі жоқ, *жаз* – сабақты, мұның істелушісі табыс сөзбен аталған: *мен* (істеуші), *хат-ты* (істелуші), *жаздым* (іс); *жу-ын* – өздік, мұның істелушісі істелушінің өзі (*жуындым* – өзімді өзім жудым) т.т.

**Е с к е р т у: III.** Бұрынғы өзгелік етіс пен беделді етістің екеуін бір қостық. Үйткені екеуі де өзге біреу арқылы істелетін іс. Өзге біреуге беделінді саласың ба, қорқытасың ба – бәрі бір. Тіл мұнысын айырмайды.

Сағыс етіс дегенді шығарып тастадық. Үйткені, бұл – ортақ етіс пен өзгелік етістің қосылғаны (*айт-ыс-тыр*). Етіс үстеулері бірінің үстіне бірі жамала береді, мысалы, *жу-ын-дыр*, *бас-тыр-ыл* т.т. Мұның бәріне бірдей ат қоймай, ала-бөле ортақ пен өзгеліктің қосылғанын бөліп алудың орны жоқ.

Бұрынғы дүркінді етіс (*ат-қыла*, *шап-қыла*) дегенді де шығарып тастадық. Үйткені бұл бірді-екілі түбірде ғана болады да, етістік түбірдің бәріне бірдей жарамайды, мысалы, оқығыла, естігіле деп айтпаймыз. Біріндеген (*тепкіле* сияқты) сөзге болса, соны етіс деуге болмайды. Шынында *тепкіле* деген *теп-кі* деген есімге **-ле** үстеуі жамалып жасалған түр.

**Етістіктің түрлері<sup>3</sup>** . Жіктелетін етістікке жіктеу жалғауы мен негіздің (негіздің соңы – болымсыздық үстеуі **-ма**) жіктелмейтін етістіктерге соңында тұратын үстеулердің (түрлеуіштердің) түріне қарай, шақ, мезгілдің алыстық-жақындығы, істің анықтық-танықтығы сияқты белгілерді көрсететін категория (2 сағат).

I. Тұйықша (1 сағат). Мұның мағынасы (мезгілін ашпай, тұйық қалдырады), үстеуі (түбірлеуіші): **ұу, үу, у:** *қара-у, жаз-ұу, кел-үу*. Мұның жіктелмеуі, тек септелетіні.

II. Есімше (2 сағат).

а) Тел есімше. Мұның мағынасы (шағын білдіреді), үстеулері; үстеулеріне қарай: 1. өткен шақ тел (түрлеуіші – **-ған, -ген, -қан, -кен;** *жаз-ған, оқы-ма-ған* т.т.); 2. Келер шақ қоспа тел (түрлеуіші – **-ғай, -қай, -дай, -кей;** *жазғай, айтқай*); 3. Келер шақ мақсат тел (түрлеуіші: **мақ, мек, бақ, бек, пақ;** кейде мұның үстіне **-шы, -ші** демесіні де қосылады: *жаз-бақ, оқы-мақшы-мын*); 4. Болжалды келер шақ тел (түрлеуіші – **-ар, -ер,** болымсызында **-с;** *жаз-ар, білме-с-сің*); 5. Дағдылы тел (түрлеуіші – **-атын; -тін, -итін;** *жаз-атын-мын, оқы-йтін*). в) Қарғыс тел (түрлеуішісі – **-ғыр:** *оң-ба-ғыр*).

Тел есімшелер жіктелгенде, I жағының жіктеушісі **-мын**, II жағынікі **-сың**, III жағында жалғау болмайтыны.

Тел есімшелердің әрі септеліп, әрі жіктелетіні (септеу мен жіктеуге тел болғаннан «тел есімше» атанған). Әрі баяндауыш, әрі айқындауыш (анықтауыш) бола алатыны.

б) **Сүйеншек есімше.** Бұлардың жіктелмейтіні, өздігінен сөйлемді аяқтай алмайтыны, септелген сөздерше басқа бір етістік, не басқа бір сөзге сүйеніп қана тұра алатыны (бұларды септі есімше деп те атаймыз).

1. Өткен шақ шектеуіш сүйеншек (түрлеуіші – **ғалы-ғалы;** *мен оқы-ғалы екі ай* – «оқығаннан бері» деген мағынада).

---

<sup>3</sup> Бұл орыстың «вид» дейтін категориясы емес.

2. Келер шақ мақсат сүйеншек (мұның түрлеуіші **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі:** *мен оқы-ғалы келдім – «оқу мақсатымен келдім» деген сөз).*

3. Келер шақ шектеуіш сүйеншек (мұның түрлеуіші – **-ғанша, -генше, -қанша:** *сен баста-ғанша мен де келермін).*

4. Өткен шақ орынсыз сүйеншек (мұның да түрлеуіші – әлгінікі: *онда бар-ғанша мұнда келсең болмады ма?*).

5. Себеп-соңшыл сүйеншек (түрлеуіші **-ғасын (-ған) соң:** *мен сен келгесін келдім не сен келген себепті, не сен келгеннен соң* деген мағынада).

6. Ереулі сүйеншек (түрлеуіші – **-ғанмен:** *жаз-ғанмен бітіре алмассың).*

Сүйеншектердің бәрі де өзгеше түрде себептелген сөздер екені, бірақ, көбінесе бұлардың сеп жалғауы түрлеуішке қосылып, кірігіп кеткені. Ереуіл сүйеншекте ғана және себепшіл-соңшыл сүйеншекті сеп жалғауы **«соң»** түрінде айтылып, түрлеуіштің соңғы (**ні**) дыбысы түспегенде ғана септік жалғаулары бөлек жазылатыны.

III. Көсем есімше, немесе, көсемше (8 сағат). Бұлардың, сүйеншектерше, сөйлемді аяқтай алмай, өзге бір етістікке сүйеніп те (септеліп), жиекшелерге, жіктеліп те тұра алатыны.

1. Өткен шақ көсемше (түрлеуіші – **-п, -ып/-іп,** жіктеуіші: I ж. **-пын/-пін,** II ж. **-сың/-сің,** III ж. **-ты/-ті:** *жаз-ып-ты, оқы-п-сың, кел-іп-пін).*

2. Дағдылы көсемше (түрлеуіші – **-а, -е, -и,** жіктеуіші бірде өткен шақ көсемшесінікіндей: *жаз-а-ды, оқы-и-мын, біл-е-сің:* бірде тек I жақ тілек түрде **-йын,** көпшесі **-йық, -лық** болады: *жаз-а-йын, оқы-йық, біле-лік).*

3. Шарт көсемше (түрлеуіші – **-са/-се;** жіктеуіші: I жақта – **-м,** көпшесі **-қ;** II жақта – **-ң;** III жақта жоқ. Мысалы: *біл-се-м, біл-се-к, біл-се-ң).*

*Шарт көсемше кейде арман түрге түсіп, сөйлемді аяқтап та кететіні (ай осы, мен бір мерген болсам!).*

4. Жиекше (6 сағат) (түрлеуіші – **-ды/-ді, -ты/-ті,** жіктеуіші шарт көсемшесінікіндей: *жаз-ды, оқы-ды-м, біл-ді-ң, жаз-дық, оқы-ды-ң-дар, біл-ді-ң-дер).* Мұның септемейтіні, тек жіктелетіні, сөйлемді аяқтап қана тұра алатыны, өзінен кейін көмекші етістік жолатпайтыны.

**Е с к е р т у:** I. Жиекшеден кейін сұрау үстеуіші ма, ме келе қойса, бұдан кейін екен көмекшісі ғана келе алады (*жазды ма екен?*).

**Е с к е р т у:** II. Сөйлем аяқтап, жиегіне ғана тұратын болғандықтан «жиекше» аталған.

5. Төтенше (4 сағат). Мұның түрлеуіші болмайтыны, негізгі жіктеуіш төтелей жалғанатыны.

1. Бұйрық төтенше, I жағы жоқ; II жағының жіктеуіші жоқ: *жаз, оқы, біл, ойна-ма, алаңда-ма-сын.*

Бұйрық төтеншеге өтініш, не ыза өңін беру үшін **-шы** үстеуіші қосылатыны, қосылғанда негіздің өзі ғана болса, өзіне (*жаз-шы, оқы-шы, біл-ші, алаңда-ма-шы*), жіктеуші болса, жіктеуіштің артынан *қосылатыны жаз-сын-шы, алаңдама-сын-шы*).



**Е с к е р т у:** Алматы облысы мен Оңтүстік облыста «*жаз, алаңдама*» мағынасында *жаз-ғын, алаңдама-ғын* деп, II жағына **ғын, гін, қын, кін** үстеуі де жалғанады.

2. Көмекші төтенше. Мұның өзі түрлердің бәріне де түсе алатын болғанының үстіне, осы шағы да болатыны; осы шақ бола қойса, жіктелуі есімдер мен тел есімшелердікіндей болатыны, сөйтіп, III жақта жіктеуші болмай, негіздің өзі ғана тұрып, әрі бұйрық төтеншенің II жағы, әрі көмек төтеншенің осы шағының III жағы бола алатыны. Өзге етістіктерінің көсемше түрінен көмекші болып келіп, өз басында бар мағыналардың бәрін (істің созылыңқы қалыпта болып жатқанын, осы шағын) беретіні. Мұндай көмек төтенше 4-ақ етістікте болатыны: *жүр, тұр, отыр, жат(ыр)*. Мысалдар: *жүр-мін, тұр-сың, отыр* (әрі II жақ, әрі III жақ) *жатыр-мыз*.

**Дара етістік пен қосынды етістік.** Етістіктің өңі (6 сағат). Іс жайынан берілген хабарға түрлі өң берілетіні (тілек, күман, тездік, шұбалаңдық, менсінбеу, куәлік т.т.) істің өңін бірде етістіктің түрлері қоса білдіретіні; бірде о да жетпесе, көмекші етістік қосып барып білдіретіні. Көмекші етістігі бар етістік қосынды етістік атанатыны. Қосынды етістікте негізгі мағынаны беретін етістіктің көсемше, кейде тел есімше түрлері болып, өңін көрсететін, әрі түрленіп, жіктеліп, септеліп отыратынын көмекші етістіктер екені.

Көмекшілердің бастылары. Көмекшінің үш түрі: төтенше (жоғарғы төртеуі), кеміс (*е, де, бол, шығар*), толық (*ал, сал, қал, жібер, бер, қой, таста* т.т.).

**Е с к е р т у: I.** *Е* етістігінің 4-ақ түрі бар; 1) жиекше – *еді*, 2) өткен шақ тел есімше – *екен*, 3) келер шақ болжалды тел, болымсыз – *емес*, 4) дағдылы болымсыз көсемше – *емей*. Есімшеге де көмек болады (*ма мекен*), өздігінен баяндауыш бола алмайды. *Де*-нің түрі бар. Бұл төл сөз, төлеу сөзбен қосылып бір мүше болады да, сол есімнен бірігіп барып бір мүше болады. *Шығар* тек келер шақ болжақ түрінде көмекші болады.

**Е с к е р т у: II.** Толық көмекші дегендер әрі жай етісті болып, әрі көмекші болып жүре беретіндер. Бұлар көп. Мысалы, *хат жібердім* десек, *жібер* етістігі жай етістік, мұнда өзінің негізгі мағынасында. *Жолдасыма хат салып жібердім* дегенде де жібер өз мағынасында. Ал, *жаққа салып жібердім* десек, *жібер* көмекші. Үйткені, мұнда *жіберу* деген іс жоқ, *салдым* өз мағынасында, *айтып, салдым* дегенде – көмекші. Үйткені мұнда *салу* жоқ. *Маған бер; мынаны ал* десек, *бер* мен *ал* өз мағынасында. *Жата бер, айта алмаймын* дегенде бұлар көмекші екенін, не өз мағынасында екенін сұраумен ашамыз. Не қылдың? – *алдым, бердім*. Мұнда негіз. Не қылдым? – *жата бердім, оқи алдым*. Мұнда *бер* мен *ал* – көмекші.

Көмекшінің басты-бастыларының тізімі, беретін мағынасы.

Етістіктің шақтары (20 сағат). Етістіктің шағын түрлеуші айтып тұрса да, жіктеліп, көмектелгенде бірқатар өзгертін және бір мезгілдің өзінде болатын істің түрлі өңін көрсететін бір нәрсе шағы болатыны (етістіктің шағы мен өңін айырмай, бәрін шақ қатарында көрсетеміз).

I. Өткен шақ (сөйлеп тұрған кезден бұрын болған іс).

1. Айғақ өңді өткен шақ (істің болғанына айтушы куә айғақ бола сөйлейді):  
*Жазы-п-ты, оқы-мап-сың, біл-ме-п-піз*.

2. Аулақ өңді (істің болғанын айта тұрып, өзі басы-қасында болмағанын қоса білдіреді):

*Жаз-ған, оқы-ған соң, көр-ген-біз.*

3. Мойындау өнді өткен шақ (істің болған-болмағанын мойындай сөйлейді):

*Жаз-ған, оқы-ған соң, көр-ген-біз.*

4. Күмән өнді – *жазған шығар.*

5. Айғақ баяғылық (ертеде істің болғанына не болмағанына айғақ бола сөйлейді).

*Жазып еді.*

6. Аулақ баяғылық (сондай ертеде өткен істің болғанынан, не болмағанынан аулақ болғанын қоса білдіреді).

*Жаз-ған екен.*

7. Әдетше баяғылық (ертеде өткен істің әлденеше рет болып, әдет болғанын айтады):

*Бар-у-шы едім (Мұны кейде баратын едім түрінде де айтады).*

8. Опық баяғылық (ертеде өткен іске опына хабарлайды): *бар-атын едім.*

9. Арман баяғылық: *бармас па едім.*

II. Келер шақ.

1. Кесімді келер шақ: *бар-а-тын, жаз-ба-й-тын.*

2. Болжалды келер шақ: *бар-ар-мын, оқы-ма-с-пын.*

3. Мақсатты келер шақ: *жаз-бақ-пын.*

4. Тілекті келер шақ: 1) *жазар едім.*

2) *жазайын* (тек 1-жақ қана).

Сенімсіз төл шақ: *жазса игі еді.*

(Өткен шақ пен келер шаққа бірдей жүреді).

III. Осы шақ. Дағдылы осы шақ пен дәл осы шақ.

1. Дағдылы осы шақ: *жазады, оқиды, білмейді* (келер шақ екені мен осы шақ екені төңірегіндегі басқа сөздерден білінеді):

*Сиыр мөңірейді* – осы шақ.

*Ертең сиыр мөңірейді* – келер шақ.

2. Дәл осы шақтың тараулары:

а) Жалпы осы шақ – *жазып жатырмын.*

б) Кәдімгі осы шақ – *жазып жүрмін.*

в) Қазіргі осы шақ – *жазып отырмын.*

г) Әзіргі осы шақ – *жазып тұрмын.*

**Е с к е р т у:** істің болу, болмау, осы кезде болып жатса аяғы тынбаған іс болса, осыны көрсету үшін етістік осы шақта болады.

Осы шақ төрт түрлі:

1. Жалпы осы шақ.

2. Кәдімгі осы шақ.

3. Қазіргі осы шақ.

4. Әзіргі осы шақ. 1. Істің нақ осы кезде істеліп жатқан болуы да, немесе, көптен бері созылып келе жатқан іс болып үздік-создық жүріп жатқан болуы да мүмкін, осыны жалпы түрде айтсақ, етістік жалпы осы жақта болады. Мысалы: «*Күн жауып жатыр*»; «*Бейімбет пьеса жазып жатыр*» десек, күннің жаууы, Бейімбеттің кітап жазуы істерінің осы кезде болып жатқанын жалпы түрде айтатын боламыз. Күн дәл осы минутте жауып тұр ма, болмаса бір жетіден бері жауып

жатыр ма, Бейімбет дәл осы күнде пьеса жазудың үстінде отыр ма? жоқ, ол пьесаны ала жаздай жазып жатыр ма – онысы белгісіз. Егер бұдан гөрі анықтаңқырап түсіндіру қажет болмаса, онда жалпы осы шақпен қанағаттанамыз. Ал, осы шақтың қай кезеңі екенін дәлелдеп аңғарту керек болса, онда осы шақтың басқа түрінің бірін келтіреміз.

2. Кәдімгі осы шақ. Ұзаққа созылған, үздік-создық істеліп келе жатқан істің жайын айту керек болса, кәдімгі осы шақпен айтамыз. Мысалы: *Бейімбет кітап жазып жүр* десек, Бейімбет дәл осы кезде жазып отыр деген емес, ұзаққа жазылған, арасында ол істі жинап қойып та жүретін кезі болады.

3. Қазіргі осы шақ. Істеуші дәл осы кезде іс үстінде екендігін көрсету үшін қазіргі осы шақ қолданылады. Мысалы: *Бейімбет кітап жазып отыр* десек, Бейімбет дәл осы сөзді айтып отырған кезде жазу ісінің үстінде деген болды.

4. Әзіргі осы шақ. Дәл осы кезде болып жатқан және өзі сол қалпын жоймаған істі көрсеткіміз келсе, әзіргі осы шақпен айтамыз. Мысалы: *күн құйып тұр. Сағат жүріп тұр. Бір жетіден бері күн жауып тұр* дегенде күннің дәл осы кезде құйып тұрғанын, сағаттың дәл осы кезде жүріп тұрғанын, бір жетіден бері қарай осы күнге дейін күннің жауып тұрғанын білдірген боламыз да, оның үстіне бұл істердің әлі осы қалпынан танбағанын көрсеткен боламыз.

Кәдімгі шақ пен қазіргі шақ көбінесе адамның я адамға теңгерілген заттың ісі жайында ғана айтылады да, жалпы шақ бәріне де жүре береді. Мысалы: *күн жауып тұр* дегенді *күн жауып отыр* я *күн жауып жүр* деп айтуға болмайды.

Жалпы осы шақты жасау үшін көсемшенің өткен шақ түрінің соңынан *жатыр* деген көмекші етістік келтіру керек.

Кәдімгі осы шақ жасау үшін көсемшенің өткен шақ түрінің соңынан *жүр* көмекшісін келтіру керек.

Қазіргі осы шақ түрін жасау үшін олардың орнына *отыр* көмекшісін келтіру керек.

Әзіргі осы шақ түрін жасау үшін олардың орнына *тұр* көмекшісін қою керек – бұлардың жіктелуі етістіктің тел түрінің жіктелуіндей.

## Есімдік

Есімдіктің сөз таптарының бәріне орынбасар бола алатындығы. Қай сөз табының орнына жүретініне қарай тап-тап болатыны: зат есім, сан есім, мезгіл есім, етістер орынбасарлары болатын есімдіктер.

Зат есім орынбасарларының түрлері: 1) жіктеу есімдіктері; 2) сілтеу есімдіктері, 3) анықтау есімдігі (өз), 4) алалау есімдігі (*қайбіреу*), 5) болымсыз (*ешкім*) есімдік, 6) белгісіз есімдік (*біреу, бірдеме*), 7) қимыл есімдігі.

Есімдіктің септелу, жіктелу, тәуелденудегі өзгешеліктері. Есімдіктің емлесі.

## Шылаулар

(4 сағат)

Сеп жалғауыштар. Тізімі. Мағыналары. Септеу керек қылатындарының керекті септеулері.

Дәнекерлер (жалғауыштар). Тізімі, мағыналары.  
Үстеуіштер. Тізімі, мағыналары.

## Одағайлар

1. Малшылық одағайлары (*шек, қос...*). Тізімі.
2. Көңіл күйін хабарлайтындары. (*Қап, ah!...*).
3. Жеткіліксіздері (*мә! ал...*).

Одағай орнына жүретін жай сөздер. Жай сөз орнына жүріп одағайдан сөз тууы. Өткенді пысықтау.

## VIІ к л а с с

### Синтаксистік програмы

(84 сағат)

#### 1. Жай сөйлем

(18 сағат)

1. Сөйлемнің мәнісі. Бастауыш пен баяндауыш: баяндауыштың бастауышпен жақтастығы. Айқындауыш сөздер.

2. Бастауыш. Бастауыш бола алатын сөз таптары, бұларды бастауыш болдыра алатын сөз тұлғалары.

3. Баяндауыш. Баяндауыш бола алатын сөздер. Күрделі баяндауыш: есім – көмекші етістік (көсемше, басқа түрлер де) – көмекші.

4. Айқындауыш. Айқындауыштың жетектесетін жолдары: жетекші сөздің ауанына қарай өзіне белгілі бір септеу жалғап алатындығы, я жалғауыш қосатындығы (септес сөз); жетекші сөзге көну үшін айқындауыш сөздің (ілік жалғауыш сөздің) ілік жалғаулы түрге түсіп, оның үстіне жетекшіні де өз ауанына қаратып өзімен жақтас тәуелдендіруі (іліктес сөз); етістіктің жетекшіге көну үшін, соның ауанына қарай, соған лайық (шақ) түрге көсемше болуы; «**-ған-ша**», «**ға-сын**», «**ға-лы**» түрлеріне түсетіндігі, шартты («**са-лы**») түрге түсуі жетекшіге ешбір жалғаусыз көніп, сөйтсе де орын талғамай, алыста тұрып-ақ жетек бола алатын айқындауыштар (жанас сөздер); жетекшіге жалғаусыз көнгенмен, арасына басқа сөз салып алыстай алмай қабыса жанасатын айқындауыштар (қабыс сөздер).

5. Септес сөздер, бұлардың түр-түрі:

а) Барыс жалғаулы септестер; 1) «**бар**»; «**кел**», «**сал**», «**қара**» сияқты етістіктерге көніп, *қайда?* (*қай жерге?*) деген сұрауға жауап болатын – бағыт септестер, мұның ішіне «**шейін**», «**таман**», «**қарай**» сияқты жалғауышты септестер де кіреді; 2) «**бер**», «**сат**», «**айт**» сияқты етістіктерге; «**керек**», «**жақсы**», «**шақ**», «**лайық**» сияқты сын есімдерге көніп *кімге?* *неменеге?* деген сұрауға жауап ретінде жай объект болатын септестер; 3) *неге?* (*не үшін?*) деген сұрауға жауап болатын мақсат мағыналы септестер; мұндай сөздер көбіне етістіктің тұйық түрінен жасалады; 4) «**бұл**», «**кен**», «**қуан**» сияқты жетекшілерге бағынып себеп

мағынасында айтылатын септестер: 5) сабақты етістен болған өзгелік етістерге бағынып сын объекті (субъекті – объект) болатын септестер; 6) *қашан? қай уақытта? қай уақытқа шейін?* деген сұрауларға жауап болып, мезгіл мағынасында айтылатын септестер.

б) Табыс жалғаулы септестер – тек сын объект қана болады, олардың септеусіз айтылатын жерлері.

**Е с к е р т у:** «*Баруын барыпты*», «*жақсысын жақсы*» деген сияқты жерлерде келетін табыс жалғаулы сөздер сөйлемге дербес мүше емес, өзіне жалғаса айтылған сөздерге, «*тек*», «*өте*», «*тым*» – дер сияқты дәйек қосалқыларға ұсап айтылатын көмекші сөз.

в) Шығыс жалғаулы септестер: 1) қимыл етістіктерге бағынып *қайдан? қай жерден?* деген сұрауларға жауап болып, мекен мәнді мүше болатын септестер, мұның ішіне «*бері*», «*әрі*» сияқты жалғауышты септестер де кіреді; 2) «*ал*», «*біл*», «*сақтан*», «*айырыл*» сияқты сөздерге бағынып (*кімнен? неден?*). жай объект болатын септестер; 3) «*жаса*», «*сал*» («*құр*»), «*істе*» мәнді сөздерге бағынып, істеген нәрсенің затын көрсететін объект мағынасындағы септестер; 4) бірдемеден асыра жұмсау мағынасындағы етістіктерге бағынып («*өзеннен өтті*», «*Еркімбектен беріп жібердім*» дегенге ұсаған жерлерде) жай объекті де бола алатын септестер; 5) *қашан? қай уақыттан (бері?)* деген сұрауларға жауап боп, мезгіл мағынасында айтылатын септестер; 6) сын есімдерге бағынып, бірдеменің сыны неліктен, неден, неден көрі артық соны ашып беретін объект септестері; 7) амалдың неліктен (не себептен?) болғанын көрсететін септестер.

г) Жатыс жалғаулы септестер: 1) бірдеменің қай жерде тұрғанын, амалдың қай жерде болып жатқанын көрсететін мекен септестер; 2) амалдың қай уақытта істелгенін ашып беретін мезгіл септестер (Мұның көбі жатыс жалғаулы есімшелер).

д) Құрал жалғаулы септестер: 1) істеушінің істі немен (не құралмен, не әдіспен, не жөнмен) істегенін білдіретін құрал септестер; 2) қай жермен қозғалатындығын көрсетуші мекен септестер; 3) бір амалдың басқа бір амалды істесімен басталатынын ашып беруші мезгіл септестер; 4) қайткенмен (де) болмайды деу үшін айтылатын ереулі септестер.

е) Меңзес жалғаулы септес – амалдың кімше, неменеше, қандай жол – ережеше, кімнің бұйрығынша, айтуынша істелгенін көрсететін сын септес болады.

ж) **-дай** жалғаулы септес: 1) есімге бағынып, бірдеменің қандай (кімдей, нендей) екенін көрсететін сын септестер; 2) істеушінің амалы басқа біреудікінен кем емес, сондай екенін көрсететін я қайткендей, қайтердей екенін көрсететін сын септес.

з) Атау күйінде түрлі жалғауыштар мен қосыла айтылатын септестердің (кім үшін, кім сияқты, не тақырыпты... деген сияқты) әр жалғауышқа тән айрықша мағыналары.

б. Іліктес сөздер: нәрсе болсын, сын болсын, амал (есімше түрдегі амал) болсын – кімнің, ненің меншігі (нәрсесі, сыны, бөлшегі, амалы) – соны ашып беретін айқындауыш – іліктес болады.

Іліктестің ілік жалғаусыз айтылатын жерлері, септеусіз айтылмайтын жерлері.

7. Шақтас сөздер: а) өткен шақ, көсемше түріндегі шақтастар – амалдың істегенін білдіретін сын шақтас; б) Қазіргі шақ көсемше түріндегі сын шақтас, – мұның ішіне етістіктің басқа түрінде айтылмайтын (*ақшалай, шикілей, екіншілей, осылай*) сияқты көсемшелер де кіреді; в) «-ға-лы» түріндегі шақтастар: 1) қайткеннен бері екенін көрсететін мезгіл шақтас, 2) қайткелі (қайтпек үшін екенін ашып беретін) мақсат шақтас; г) «-ған-ша» түріндегі шақтас: 1) «*үйткенше басқа бірдемені істеу артық*» «*үйткенше*» сияқты ереуіл шақтас; 2. «*үйткенше (үйткенге шейін бүйтіп үлгір*» дегендегі «*үйткенше*» сықылды мезгіл шақтас; д) «ға (-сын)» «*ғаннан//сон*» түріндегі шақтас. 1) «*сөйтіп болғансын артынан бүйт*» дегендегідей мезгіл шақтас, 2) «*сөйткесін (амалсыздан) осылай да осылай болды*» деген сияқты; е) шартты («са»-лы) түрдегі шақтастар: 1) «*отырсам тұра алмаймын*» дегендегідей шарт шақтас, 2) «*оянсам терлеп қалған екем*» дегендегідей мезгіл шақтас, 3) «да» дәнекерімен қосылып «*Білмесем де айтпаймын*» дегенге ұқсаған кейде ереуіл шақтас («барсаң да болады»).

**Е с к е р т у:** «*Барсаң бар*», «*сөйтсе сөйте қойсын*» дегендегі түбірі қайталанған жерлердегі шартты түр сөйлемге жеке күйінде мүше бола алмайды, құранды (етістіктің) мүшенің бір бөлігі ғана болады дегенді де ұқтыра кету керек.

8. Жанас сөздер: мезгіл сын есім болған «*кеше*», «*былтыр*», «*жарын*», «*мана*» сияқты сөздер жетекші етістікке жалғаусыз көніп (әйтеуір алдыңғы жағында тұрса болғаны), орын талғамай мезгіл жанас болады.

9. Қабыс сөздер: жетексіз сөзге жалғаусыз көнгенмен, орын талғайды – тек өзінің артындағы сөзге ғана көніп, екі араға басқа сөз кірістіруді сүймейді. а) Нәрсенің я амалдың сынын көрсете, қандай? қалай? деген сұрауларға жауап болып, нәрсенің санын, «*бес қайнаса сорпасы қосылмайды*» дегендегідей амалдың шамасын; б) «*пәлен сағат ұйықтады*», «*онан бұл құдық кісі бойы терең*» дегендегідей мезгілдің шамасын, басқа түрлі шамаларды да көрсететін сан – қабыс болады.

10. Бір нәрсе жетек айқындауыштың бір жетекшіге көніп жатысқа жетек болуы; бір жетектің бірнеше жетекшіге бірдей көніп тіл жетек болуы; бір жетекке тағы бір жетек көніп бұл өзі тағы бір сөзге жетекші болып т.т. сөйтіп, баспалдақтаған шұбырма жетектің болуы; мына үш түрлі де, я екі түрлі қабат бір сөйлемнің ішінде кездесіп жамырама жетек болуы.

11. Жарыспа жетектердің орны: а) септес, жанас сөздер өзара жарыспа болғанда, орны-орнының ой екпініне бағынуы; б) басқа сөздер мен қабыс сөз жарыспа болғанда, жетекшінің жаны (дәл алды), қабыс сөзге тиюі; в) бастауыштың орны талғаусыз болғанмен, ой екпіні түскенде, баяндауыштың дәл алдына баяндауышқа жетек қабыс болған күнде, сол қабыстың дәл алдында болуы.

12. Жарыспа қабыстардың орны-орны: 1) есімше; 2) туынды сын есім; 3) таза сын есім; 4) адъективтенген зат есім болып осы ретпен ғана орналасуы.

13. Шұбырма жетектердің орны-орны; оның тұрақтылығы.

14. Жайылма сөйлем, жайылма мүше: бастауыш жайылма, баяндауыш жайылма, септес жайылма мүше (*Нұрымның о сықылды ісін мен есіткен емеспін*); іліктес жайылма (*о сықылды қымбат малдың маған керегі жоқ*); жанас жайылма

(Алматыға бастап келген жылы, ол ілім жұмысынан басқаға көңіл бөлген жоқ); қабыс жайылма (Өзі жығылған өкінбес).

Жайылма сөйлемнің тыныс белгілері.

15. Күрделі мүше: мұның түр-түрі де жаңағыдай (14 сағат) бірақ ішінде дербес бастауыш болады; бастауыш атау түрінде болады. Ілік түрде де болады.

Күрделі мүшеге арналған тыныс белгілері.

16. Адъективтене алатын зат есім я субстантивтенген сөз боп келген бастауыштарға жанас, қабыс сөздерден айыра тану үшін қоятын тыныс белгілері.

17. Тектес мүшелер; қос тектес; ыңғайлас тектес (мұның ішіне «десе»-леп ереуілдескен баяндауыштар да кіреді: «*Бу десек, мылтық түтіні*», «*Мал десек, адам екен*»), таңдама тектес. Тектестердің арасындағы дәнекерлері, жалғауы ортақ боп келген тектестер; етістіктен болған тектестердің жалғауы ортақ болғанда, алдыңғыларының өткен шақ көсемше түрінде болуы (Қос тектеске дәнекер болған «мен»-ді септеу «мен»-нен айыра тану).

Жалпылауыш сөз. Тектестердің тел жетегі. Тектес мүшелерге қойылатын тыныс белгілері.

18. Қаратпа, қыстырма. Бұларға арналған тыныс белгілері (8 сағат).

19. Жай сөйлемнің түр-түрі (10 сағат).

а) Хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем. Бұлардың тыныс белгілері.

б) Толық сөйлем мен олқы сөйлемге арналған тыныс белгілері.

в) Иесіз сөйлем. Мұның олқы сөйлемнен басқалары.

## 2. Құрмалас сөйлем

(32 сағат)

1. Құрмалас сөйлемнің екі түрі: салалас сөйлем мен сабақтас сөйлем.

2. Салалас сөйлемнің ішіне кірген жай сөйлемдердің басын қосу үшін істейтін амалдар: 1) алғашқы сөйлемнің баяндауышының ішінде көмекші «еді» болады (*Әмірбек келіп еді, «бір барайық» дегені нем құрайды боп шықты*), я шартты (*са-лы*) түрдегі баяндауыш болады (*Нұрымдікіне келсек, өзі кетіп қалған екен*); 2) алғашқы сөйлемдердің баяндауыштары өткен шақ көсемше түрінде болады («*Ғалым келді де, жақсы боп қалды*», «*Қой маңырап, түйе боздап ауыл у-шу*»); 3) Екі сөйлемнің арасында «да» дәнекері болады – мұндайда кейінгі сөйлемнің хабары алдыңғынікінің артынша (іле-шала) болмақ; «да» әр сөйлемнің ішінде өз алдына қайталап айтылатын болса, бәрінің хабары бір кезде болады; мұндайда сөйлем-сөйлемнің басында, я ішінде «әрі» дәнекері де болады; 4) кейінгі сөйлемдердің басында «және», «тағы», «сосын»-дарға ұсаған дәнекерлер де болады; 5) Кейінгі сөйлемнің хабары алдыңғыныкінің салдары болса, ондайға кейінгі сөйлемнің басында «сол себепті», «сондықтан», «сөйтіп», «сонымен», солармен мағыналас «сосын» сияқты дәнекерлер болады; 6) Екі сөйлемнің хабары біріне-бірі қайшы келетін болса, кейінгі сөйлемнің басындағы дәнекері «бірақ», «сонда да», «сөйтсе де», «дегенмен», «қайта»-лар сияқты болады; 7) Салаластың ішіндегі жай сөйлемдердің біреуінің хабары дұрыс болған күнде, басқаларыныкі дұрыс болмайтын боп, бәрінің біреуі ғана таңдалатын болса, ондайда «я»,

«*әйтпесе*», «*не болмаса*», «*немесе*»-лерге ұсаған дәнекерлер жұмсалады; 8) бірнеше сөйлемнің бірінің хабары бірыңғай болып, сосын бір сөйлем соның біріне қорытынды сөйлем боп шығатын болса, қорытынды сөйлемнің басынды «*әйтеуір*», «*сөйтіп*», «*сонымен*» сияқты дәнекерлер болады; 9) кейінгі сөйлем алдыңғы сөйлемге себеп болатын болса, оның алдында «*өйткені*», «*неге десең*», «*себебі сол*» сияқты сөздер дәнекер болады; 10) кейінгі сөйлем алдыңғы сөйлемнің мәнісін дәлелдеп ашып беретін болса, алдыңғы сөйлемнің баяндауышының ішінде «*осы*», «*сол*», «*бұл*» есімдіктерінің бір түрі, я солардан жасалған етістік «*бұйт*», «*сүйт*»-тер болады.

3. Салаластардың түр-түрі: а) ыңғайлас салалас; б) ереуіл салалас; в) талғама салалас; г) себеп-салдар салалас; д) шарт-жағдай салалас.

4. Ыңғайлас сөйлемдердің біреуінің хабары басқаларының бәрін де өз ішіне алатын жалпы хабар болады – бір сөйлемі жалпы сөйлем болады; жалпы сөйлем алдымен айтылып, өзгелері одан кейін айтылуы да мүмкін; жалпы сөйлем ең артынан қорытқы сөйлем боп айтылуы да мүмкін.

5. Салалас сөйлемнің тыныс белгілері.

6. Сабақтас сөйлемдер. Сабақтас сөйлемнің ішінде басыңқы сөйлем болады да, оның бір мүшесіне жетек айқындауыш есебінде бағыныңқы сөйлем болады.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шартты түрде («*са-лы*») болады да, ішінде бір сұраулы сөз болады; басыңқы сөйлемде сол сұрауға сәйкес басыңқының баяндауышына, я басқа бір мүшесіне көніп, соның ауанынша белгілі бір түрге түскен (кейде етістік «*сөйт*» те болған) «*сол*» болады. Бағыныңқыдағы сұраулы сөз де, басыңқының есімдігі де дәнекер сұрау, дәнекер есімдік болады.

а) дәнекер есімдік атау түрінде болуы да мүмкін («*кімді айтсаң, сол келеді*»); онда бағыныңқы сөйлем бастауыш бағыныңқы болады.

б) дәнекер есімдік етістік түріне түсіп, я есімдік күйінде-ақ баяндауыш та бола алады («*сен қайтсең, мен де сөйтемін*», «*ол қандай болса, мен де сондай*»). Мұндайда бағыныңқы сөйлем баяндауыш бағыныңқы болады.

в) Дәнекер есімдік септес сөз бола алады (*Кімді көрсем мен сонан, бетті бастым... тұра қаптым жалма-жан. Абай*) – бағыныңқы – септес бағыныңқы болады.

г) Дәнекер есімдік іліктес болса, бағыныңқы – іліктес бағыныңқы болады.

д) Дәнекер есімдік шақтас болса («*Сабыр айтып, қалай істесе, Мәмбет те (сөйтіп) солай істейді*»), – шақтас болады.

е) Со қалыпты «*Сабыр қайда барса, Мәмбет сонда барады*» дегендей жанас бағыныңқы да болады.

**Е с к е р т у:** Жанас сөзге сәйкес жанас есімдік «*содан*» айтылмайды да, сонымен жанас бағыныңқы септеске ұсап кетеді.

ж) «*сөйткен*», «*сондай*» сияқты есімдік тұрған жерде бағыныңқы сөйлем қабыс бағыңқы болады.

7. «*Де*» етістігінің түрлі мағынасы: а) «*күн жауайын деп тұр*», «*сені ол тіпті адам демейді*» дегендегі сияқты көмекші етістік болуы; б) «*Маса деген көбейіп кетті*», «*Мешкей деген жақсы ат емес*» дегендей есімше түрінің жалғауыш болып кетуі;



з) Төл сөздің өзінен айырмайтын бір белгісі – ауызбен айтқандағы «тырнақша» болуы.

Төл сөзге арналған тыныс белгілері.

Тырнақшаның цитата, газет, журнал, кітаптардың аты, лақап ат, кекесін сөздер сияқты орындарда қойылуы.

